



Жалағаш жаршысы



«zhalagash-zharshysy.kz»
ақпараттық агенттігі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Президент

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, Қазақстан Президенті:

ЖАҢА КЕЗЕҢ – ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР УАҚЫТЫ

Сейсенбіде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Парламент палаталарының соңғы бірлескен отырысында сөз сөйледі. Президент Парламенттің қос Палатасының бірлескен қорытынды отырысы тарихи мәнге ие екенін жеткізді.

1 шілдеден бастап Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы заңды күшіне енді. Енді ұлт заңымен қатар, мемлекеттік билік жүйесі де түбегейлі жаңа сипатқа ие болады. Қос палаталық Парламенттің орнына Құрылтай келеді.

– Осыдан отыз жылдан астам уақыт бұрын елімізде тұңғыш кәсіби Парламент құрылды. Мүлде жаңа институционалдық үлгіге көшкен заң шығарушы орган мемлекеттімізді нығайтуға елеулі үлес қосты, сондай-ақ еліміздің құқықтық негізін қалыптастыру және нарықтық экономиканы орнықтыру ісінде маңызды рөл атқарды. Қысқаша айтсақ, отыз жылдың ішінде 3,5 мыңға жуық аса қажетті заң қабылданды. Ал әрбір онышы заңға депутаттар өздері бастамашы болды. Заң шығару жүйесінің қайнар бастауында бүкіл халқымызға және халықаралық қауымдастыққа танымал саясаткерлеріміз, көрнекті мемлекет қайраткерлері, белгілі қоғам қайраткерлері тұрды. Олардың жемісті еңбегі Парламент тарихында өшпес із қалдырды. Қажырлы қызмет халқымыздың жадында мәңгі сақталып қаларына күмән жоқ, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент халықаралық ахуал уақыт өткен сайын күрделеніп, тұрақсыздық белең алғанын айтты. Тіпті бұл жағдай жаһандық экономикаға зардабын тигізіп жатқанын да жоққа шығармады. Халықаралық валюта қоры мен Біріккен Ұлттар Ұйымының құзырлы агенттіктерінің болжамына сүйенсек, алдағы 2 жылда әлем қауымдастығы, соның ішінде жекелеген мемлекеттер экономикалық жоспарын жүзеге асыру кезінде едәуір қиындыққа тап болуы әбден мүмкін. Президент мұндай сәтте үрейге бой алдыруға болмайтынын қаперге салды. Тіпті бұған қатысты Үкіметтің де алдағы міндеттерін айқындап берді, яғни елдің орнықты дамуын қамтамасыз ету үшін Үкімет барынша ширақ жұмыс істеуі тиіс. Инфляцияны тежеп, оны мейлінше төмен деңгейге жеткізген жөн, сондай-ақ экономиканың қарқынын төмендетпей, керісінше оның көрсеткіштерін ұлғайту қажет.

Қасым-Жомарт Тоқаев тиімді жұмыс істейтін қоғамдық институттар болса, Озық және Әділетті мемлекет қалыптасатынын ашық айтты.

– Мен жаңа конституциалық орган – Қазақстан Халық Кеңесін құруды ұсындым. Қазақстан Халық Кеңесі мәслихаттардың, қоғамдық кеңестердің, сарапшылар алаңы мен азаматтық қоғам ұйымдары өкілдерінің басын біріктіреді. Бұрын Қазақстан халқы ассамблеясына тиесілі болған қызметтік міндеттер енді Халық Кеңесіне өтеді. Осылайша құрылым форматы өзгергенімен, жалпыұлттық бірлігіміздің мәні ішкі саясатымыздың маңызды



бағыты ретінде сақталады. Халық Кеңесі – тарихымызда алғаш рет конституциалық деңгейде құрылған диалог алаңы. Кеңуі үшін және аралық Қазақстанымыздың символы. Бұрын шашыраңқы болған құрылымдар заң шығару бастамасын көтеру құқығына ие болатын Жоғары консультативтік органның аясына бірігеді. Демек халықтың үніне құлақ асу мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігіне айналады, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан экономикасын жаңа үлгіге көшіру аса маңызды стратегиялық міндет екенін айтты. Оған жедел түрде көп жеткізу үшін жаңа көзқарас, жаңа ұстаным қажет.

– Бұрынғы жұмыс тәсілдері мен әдістері тиімді болмайтыны анық. Жаһандағы жағдай, жалпы халықаралық ахуал жыл өткен сайын ұшығыр барады. Түрлі қақтығыстар мен сын-қатерлер аз емес. Бірақ біз соған қарамастан, салиқалы саясат жүргізіп, нық сеніммен алға қадам басып келеміз. Біз бұл саясатты берік ұстануымыз қажет. Былтыр экономикамыз 6,5 пайызға өсті. Мұны әлем елдерінің даму қарқынымен салыстырғанда жоғары көрсеткіш деуге болады. Жалпы ішкі өнім тарихында алғаш рет 300 миллиард доллардан асты. Оның жан басына шаққандағы үлесі 15 мың доллардан асып, 2019 жылдан бері бір жарым есе артты. Бұл – Тәуелсіз мемлекеттер достастығы

елдері арасындағы ең жоғары нәтиженің бірі. Инфляция бағамы төмендеді, биылғы бес айдың қорытындысы бойынша оның деңгейі 10,4 пайызға дейін түсті. Бірақ бұл көрсеткішті әлі де төмендету керек. Қазақстанның қаржы жүйесі тұрақты. Ұлттық валютамыз да өз тұғырында нық тұр, сыртқы қауіп-қатерлерден сенімді түрде қорғалған деп айтсақ, қате болмайды, – деді Президент.

Мемлекет басшысы экономиканың жаңа үлгісіне көшу үшін алдымен энергетикалық, инженерлік және көлік-логистикалық инфрақұрылымды толыққанды дамыту қажеттігін қаперге салды. Осы мақсатта елімізде бұрын-соңды болмаған ауқымдағы Ұлттық жобаны іске асыру туралы шешім қабылданған болатын. Оны жүзеге асыру үшін биыл 1 триллион теңгеден астам қаржы бөлу жоспарланған. Енді артық шығынға әкеп соғатын тиімсіз «әрлеу, яғни жөндеу» тәсілдеріне жол жоқ, яғни өмір сүру сапасына тікелей әсер ететін барлық нысандар мен жүйелерді түбегейлі жаңғырту жұмысы жүргізіледі.

Қасым-Жомарт Тоқаев алда толыққанды цифрлық мемлекет құру міндетін тұрғанын қаперге салды. Сондай-ақ жаңа Конституция азаматтардың киберкеңістіктегі дербес деректерін қорғауға кепілдік беретінін, бұл Цифрлық Қазақстанды


құрудың негізгі алғышарты екенін айтты. Сондай-ақ ол жаңа Конституцияның заңды күшіне енуін ұлт тағдырына тікелей әсер ететін түрші оқиға деп бағалады.

– Тұғырына қонған Ата Заңымыз аса ауқымды қоғамдық-саяси үдерістер кезеңіне жол ашады. Құрылтай – жаңа тұрпатты Қазақстанның маңызды символы. Сондықтан оның құрамына нағыз отаншыл, бастамашыл әрі мемлекетшіл тұлғалар, яғни тек үздіктер ғана кіруі керек. Себебі халық реформалардың қаншалықты нәтижелі болғанын дәл осы Құрылтайдың қызметіне қарап бағалайды. Осындай маңызды сәтте мен тағы бір мәрте Сенат пен Мәжілістің басылымына және депутаттарына шынайы ризашылығымды білдіремін. Себебі сіздер мемлекетіміздің игілігі үшін адал әрі қажырлы еңбек еттіңіздер. Жұрттың мұң-мұқтажын батыл көтеріп, ұлт мүддесін бәрінен биік қоя білдіңіздер. Жаңа кезең – жаңа мүмкіндіктер уақыты. Депутаттардың бірқатары Құрылтайға өтіп, ел игілігі жолында еңбек ете беруді деп ойлаймын. Қазақстан Халық Кеңесінде де өздеріңіз секілді білікті азаматтар болуы керек деп санаймын, – деді Мемлекет басшысы.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Тарих кейде бір күннің ішінде жаңа парағын ашады. Биыл жыл басы Қазақстан үшін дәл сондай тағдырлы күндердің біріне айналды. Сол күні халқымыз жалпыхалықтық референдум арқылы елдің жаңа бағытын айқындауға таңдау білдіріп, мемлекеттің саяси және құқықтық дамуының жаңа кезеңіне жол ашты. Ал шілде айынан бастап жаңа Конституция күшіне еніп, еліміздің мемлекеттік басқару жүйесін жаңғыртуға бағытталған реформалардың құқықтық негізіне айналды.

БОЛАШАҚҚА БЕРІК ҚАДАМ



Осыған дейінгі референдум жай ғана саяси науқан болған жоқ. Бұл әрбір азаматтың ел болашағына қатысты өз таңдауын жасаған тарихи сәт еді. Оның қорытындысы қоғамның басым бөлігі жаңғыру бағытын қолдағанын және елдің жаңа даму кезеңіне сенім артқанын аңғартты.

Конституция – заңдардың жиынтығы ғана емес. Ол мемлекеттің болмысын, халықтың мұратын, ұлттың ұстанымын айқындайтын басты құндылық. Әр дәуірдің өз талабы бар. Кеше ғана өзекті болған мәселелер бүгін заман көшіне ілесіп алмай қалуы мүмкін. Сондықтан қоғам өзгерген сайын оның негізгі заңы да уақыт талабына жауап беруге тиіс. Жаңа Конституция дәл осындай қажеттіліктен туған тарихи құжат ретінде бағаланып отыр.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев бұл реформаларды Қазақстан мемлекеттілігінің негізін жаңғыртуға бағытталған ауқымды өзгерістер деп атады. Жаңа Конституция мемлекеттік институттарды заман талабына бейімдеп қана қоймай, елдің орнықты дамуына берік құқықтық тұғыр қалыптастыруды көздейді. Басты ерекшелігі мемлекеттік басқарудағы өзгерістермен ғана шектелмейді. Құжаттың мазмұнында болашақтың бағыт-бағдары айқын көрінеді. Қазіргі әлемде мемлекеттердің қуаты жер қойнауындағы қазба байлықпен емес, ғылымының әлеуетімен, білімнің сапасымен және технологиялық мүмкіндігімен өлшенеді. Сондықтан жаңа Конституцияда ғылымды, инновацияны, цифрлық технологияларды және жасанды интеллекттің дамуына ерекше мән берілуі кездейсоқ емес. Бұл Қазақстанның жаһандық өзгерістерден шет қалмай, жаңа технологиялық дәуірдің талаптарына бейімделуге ұмтылғанын көрсетеді.

Еліміздің алдында тұрған басты міндеттің бірі – табиғи ресурстарға тәуелді экономиканы біртіндеп білім мен ғылымға негізделген экономикаға айналдыру. Мұндай мақсатқа жету үшін бірден-бір жолы – интеллектуалдық әлеуетті арттыру, ғылыми ізденісті қолдау және жаңа технологияларды өндіріске кеңінен енгізу. Жаңа Конституция осы бағыттағы мемлекеттік саясаттың құқықтық негізін нығайтып, Қазақстанның ұзақмерзімді даму стратегиясына тың серпін берді.

Бұл құжаттың тарихи маңызы да осында. Ол бүгінгі буынның ғана емес, келер ұрпақтың тағдырына ықпал ететін шешімдерді қамтиды. Сондықтан жаңа Конституцияны қабылдау – заңды өзгерту ғана емес, елдің келешегіне деген жауапкершілікті бірге арқалау, Жаңа Қазақстанның жаңа келбетін қалыптастыру жолындағы ортақ таңдау болды.

Бұл құжатта адами капиталды дамыту, сапалы білім беру, ғылым мен инновацияны қолдау Қазақстанның стратегиялық басымдықтарының бірі ретінде белгіленген. Бұл – елдің өркендеуі ең алдымен білімді ұлт пен ғылыми әлеуетке сүйенуі тиіс деген ұстанымның айқын көрінісі.

Жаңа Конституция құқықтық мемлекет қағидадарын нығайтып, адам капиталына инвестиция салуды, білім мен ғылымды дамытуды және қоғамның тұрақты дамуына қажетті берік құқықтық негіз қалыптастыруды көздейді. Сондықтан бұл тарихи құжат Қазақстанның жаңа кезеңдегі даму бағытын айқындап, әділетті, білімді әрі бәсекеге қабілетті мемлекет құру жолындағы маңызды қадам ретінде бағаланып отыр.

Қасымқожа ЖҰБАТЫРҰЛЫ,
ардагер

Бәрекелді!

АЛЬФИЯ 140 БАЛЛ ЖИНАДЫ

Альфияның есімі аудан жұртына жақсы таныс. Бүгінге дейін газет бетінде оның білім дәлдерінде топ жарып, түрлі пәндік олимпиадаларда жеңіс тұғырынан көрініп жүргені туралы бірнеше рет елмен тербеген едік. Әр жетістігімен мектеп мерейін үстем еткен дарынды оқушы бұл жолы да көптің үмітін ақтады. Білімге деген құштарлығы мен тынымсыз еңбегінің арқасында ол ұлттық бірыңғай тестілеуде ең жоғары 140 балл жинап, мектептің ғана емес, ауданның, аймақтың абыройын асқақтатты. Бұл – жүйелі дайындықтың, тынымсыз еңбектің және білікті ұстаздарының тұрақты қолдауының жемісі.

Альфия – мектеп қабырғасында сапалы білім алып қана қоймай, қоғамдық жұмыстарға да белсене араласып, түрлі деңгейдегі зияткерлік байқауларда топ жарған озат оқушы. Ол ұлттық бірыңғай тестілеуге дайындықты бытыр тамыз айында бастаған. Алғашқыда JUZ40 онлайн курсы арқылы қазақ тілі, қазақ әдебиеті және Қазақстан тарихы пәндері бойынша дайындық жүргізген. Кейін қараша айында математикалық сауаттылық пәнін де қосып, оқуын жалғастырған. Бастапқыда аталған оқу орталығында ақпалы негізде білім алып, кейін қаңтар айындағы ҰБТ-да 136 балл жинағаны үшін тегін білім алу мүмкіндігі берілген.

– Курс басталғанға дейін жазғы демалысымда көкөммен бірге математикалық сауаттылық пәніне дайындалып, түрлі есептерді жүйелі түрде шығарып отырдым. Кейін арнайы курскқа қатысып, білімдімді одан әрі жетілдірдім. Соның нәтижесінде тест сынақтарында математика пәнінен жоғары балл жинап, жақсы көрсеткішке қол жеткіздім, – дейді Альфия Балхан.

Айта кетейік, Альфия білім сынағында қазақ әдебиеті пәнін тандаған. Кейініректе білім пәніне деген қызығушылығы бала күнінен оянған. Айтуынша, ата-анасы жиі әдеби кітаптар сатып алып, оларды толық әрі түсініп оқуға кеңес берген. Нәтижесінде оның әдебиетке деген қызығушылығы артып, қазақ тілінің бай мұрасын тереңірек танып білуге және оны дамытуға деген ұмтылысы қалыптасқан. 5-сыныптан бастап қазақ әдебиеті пәні бойынша түрлі республикалық және облыстық пәндік олимпиадаларға, мәнерлеп оқу

Ұлттық бірыңғай тестілеу – мектеп түлектерінің жылдар бойы жинаған білімін саралайтын маңызды белес. Биыл бұл белесті бағындырғандардың қатарында Мардан Байділдаев атындағы №232 орта мектептің түлегі, «Алтын белгі» иегері Альфия Балхан да бар.

байқауларына, дебат турнирлеріне белсенді қатысып, талай мәрте жүлделі орынға ие болған. Аудан мақтаншы болашаққа қазақ тілін жас ұрпаққа терең әрі сапалы түрде үйрететін білікті ұстаз болуды армандайды. Сонымен қатар ол ана тілінің жанашыры ретінде дамуына үлес қосып, тіл білімін ғылыми тұрғыда зерттеуді де өмірлік мақсат етіп отыр. Жас талапкер жоғары білімді Алматы қаласындағы Іргелі оқу орнының бірі Сүлеймен Демірел университетінде алмақ.

– Көбінесе талапкерлер дайындықты таңертең жүргізеді. Ал мен үшін ең тиімді уақыт кешкі мезгіл болды. Таңғы сағат 5-те тұрып дайындалған сәттерім де болды, дегенмен білімдімді шыңдауға көбіне кешкі уақытта көңіл бөлдім. Қаңтар мен наурыздағы ҰБТ-дан және негізгі ҰБТ-ның алғашқы кезеңінде де жоғары нәтиже көрсеттім. Дегенмен алдыма қойған мақсатым 140 балл еді. Алғашқы кезеңде 134 балл жинағанымда «сәл ғана балл жетпей қалды» деп аздап көңіл-күйім түсті. Сол сәтте ата-анам мен ұстаздарым қолдау білдіріп, «мүмкін ең жақсысы соңына бұйырып тұрған шығар» деп жігер берді. Көп түлек ҰБТ-ның бірінші кезеңінде жоғары балл алып, «грантка түссем болды» деп екінші кезеңге қатыспай жатады. Ал мен керісінше өз білімдімді толық дәлелдеу үшін екінші кезеңге де қатыстым. Себебі өзіме сендім, ең бастысы, еңбегімнің толық нәтижесін көру еді. Кешегі ҰБТ-да төрт пән бойынша берілген сұрақтарға жауап беріп, ең соңында таңдау пәнін қазақ әдебиетіне келдім. Әдеттегідей бір жауапты сұрақтарға жеңіл әрі тез жауап бердім. Ал көпжауапты сұрақтар екі балл берілетіндіктен сәл күрделірек болады. Сұрақтар кітаптағыдай сөзбе-сөз емес, логикалық түрде құрастырылған. Бір сұраққа келгенде ұзақ ойландым. Бастапқыда бір сұраққа екі жауапты

белгілеп, кейін тестті аяқтамас бұрын сол сұраққа қайта оралып, тәуекелге бел буып, үшінші жауапты да қостым. Тестті аяқтаған сәтте экран-нан өзім күткен баллды көрдім. Шыны керек, бастапқыда сенбей, қайта-қайта тексердім. Тест орталығындағы апайлар құттықтағанда ғана еңбегімнің жемісін толық сезіндім. Сол сәтте барлық уайым мен шаршау артта қалып, бойымды қуаныш пен мақтаншы сезімі биледі, – дейді Альфия Бахытбергекқызы.

Иә, Альфияның бұл жетістігі өзінен кейінгі оқушыларға үлгі боларлықтай. Ол «ауылда білім жоқ» деген жаңсақ пікірді бұл жетістігімен жоққа шығарып, қай жерде білім алсаң да, табандылық пен еңбек болса, биік белестерді бағындыруға болатынын дәлелдеді. Бұл – тек Альфияның ғана емес, ауыл мектебінің, ұстаздарының және ата-анасының ортақ жеңісі. Альфия бұл нәтижесімен ауыл мектептерінде білім алып жүрген оқушыларға сенім жері сыйлап, биік мақсаттарға ұмтылуға шабыт берді. Дарынды тұлғекке сұхбат соңында толағай табыс тілеп, таңдаған мамандығының білікті маманы атанып, ел игілігі үшін еңбек ететініне сенім білдірді.

Сезім НҰР



2 ҚОҒАМ

Кеңес

КОНСТИТУЦИЯ – ЕЛДІКТІҢ ТЕМІРҚАЗЫҒЫ

«Заңы үстем елдің – рухы биік, болашағы берік». Қазақ – ежелден әділдік пен құқықты қастерлеген халық. Тарихымыздағы Қасым ханның қасқа жолы, Есім ханның ескі жолы, Тәуке ханның Жеті жарғысы – бүгінгі құқықтық мемлекеттің бастауы болған асыл мұралар. Сол ұлы дала заңдарының жалғасы, тәуелсіз Қазақстанның тағдырлы құжаты – Конституция. Бұл – жай ғана заңдар жиынтығы емес, мемлекет пен қоғамның арасын жалғайтын алтын көпір, елдік пен еркіндіктің айғағы, азаматтың құқығы мен бостандығын қорғайтын басты кепілдік. Ата Заң – тәуелсіздігіміздің тұңғыры, мемлекетіміздің бағыт-бағдарын айқындайтын Темірқазығы.

«Руханият» орталығында аудандық қоғамдық даму бөлімінің ұйымдастыруымен «Конституция – мемлекеттік саясаттың құқықтық негізі» тақырыбында бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерімен тағлымды кездесу өтті. Басқосуға аудандық қоғамдық даму бөлімінің басшысы Жасұлан Еспенбет, зиялы қауым өкілдері, бұқаралық ақпарат құралдарының қызметкерлері мен ардагер журналистер қатысты. Кездесуде Жасұлан Еспенбет қатысушыларды Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясының күшіне енуімен құттықтап, Ата Заңның қоғам өміріндегі орнына кеңінен тоқталды. – Конституция – халықтың еркінен туған, елдің болашағын айқындайтын тарихи құжат. Ол азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауда ғана емес, мемлекеттік саясаттың барлық бағытының құқықтық негізі болып табылады. Қай саланы алсақ та, оның іргетасы мен жүйелі дамуы Ата Заңнан бастау алады. Сондықтан



Конституцияны құрметтеу – мемлекетімізді құрметтеу, тәуелсіздігімізді қадірлеу, – деді ол. Шындығында, Конституция – тәуелсіз Қазақстанның барлық жетістігінің алтын арқауы. Елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы, демократиялық құндылықтардың орнығы, азаматтық қоғам институттарының қалыптасуы, сөз бостандығы мен бұқаралық ақпарат құралдарының дамуы, барлығы да Ата Заңның аясында жүзеге асып келеді. Жиында Қазақстан Журналистер одағының мүшесі Рысбай Кәрімов Конституцияның қоғам өміріндегі орны мен журналистика саласындағы маңызына ерекше тоқталды. – Конституция – әрбір азаматтың қорғаны, мемлекеттің рухани әрі құқықтық қалқаны. Тәуелсіздік жылдарында еліміз көптеген тарихи белестен өтті. Сол жолда Ата Заң халқымыздың бірлігі мен тұтастығын сақтаған күдіретті құжатқа айналды. Әсіресе журналистика саласы үшін Конституцияның орны ерекше. Себебі сөз бостандығы, пікір алудандығы, ақпаратқа қолжетімділік сынды қағидаттар – осы Ата Заңда бекітілген құндылықтар. Конституциясы мықты елдің ақпараттық кеңістігі де

қуатты болады, – деді ардагер-журналист. Ол қоғамның құқықтық мәдениетін қалыптастыруда бұқаралық ақпарат құралдарының рөлі зор екенін атап өтті. – Журналист – халық пен биліктің арасындағы алтын көпір. Сондықтан біз ел ішіндегі әрбір оң өзгерісті, мемлекеттік саясаттың мәнін халыққа дұрыс жеткізу арқылы құқықтық сананың қалыптасуына үлес қосамыз. Конституцияны насихаттау – тек заңгерлердің ғана емес, барша қоғамның ортақ міндеті, – деді Рысбай Кәрімов. Кездесуде Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі Тұрақ Ахетов те Ата Заңның тарихи маңызына тоқталып, оның ел болашағын айқындаудағы рөлін ерекше атап өтті. – Конституция – мемлекетіміздің мәңгілік тұғыры. Әрбір баптың астарында халықтың тағдыры, елдің ертеңі жатыр. Ата Заң – біздің бірлігіміздің, ынтымағымыздың, тәуелсіздігіміздің кепілі. Халықтың үніне құлақ асатын мемлекет құру жолында Конституция негізгі бағдар болып келеді. Ең бастысы, заң алдында бәрінің теңдігі мен адам құқығының қорғалуы. Бұл – өркениетті қоғамның басты белгісі. Жаңа Конституция

ел өміріне тың серпін әкеліп, мемлекет пен қоғамның барлық саласында оң өзгерістер мен жаңашыл бастамалардың жүзеге асуына жол ашады деп сенемін. Өйткені заң үстемдігі орныққан жерде әділет салтанат құрып, елдің дамуына жаңа мүмкіндіктер туады, – деді Тұрақ Ахетов. Қаламгер өз сөзінде құқықтық мемлекет құруда рухани құндылықтардың орны ерекше екенін де тілге тиек етті. – Заңға құрмет – елге құрмет. Конституцияны қадірлеген ұлттың келешегі кемел болады. Біз жастардың бойына әділдік, отаншылдық, заңға бағыну мәдениетін сіңіре алсақ, онда мемлекеттің іргесі берік болмақ. Өйткені Ата Заң – бүгінгі күннің ғана емес, болашақ ұрпақтың да тағдырын айқындайтын құжат, – деді ол. Шынында, Конституцияның басты мақсаты – адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғау, қоғамдағы тұрақтылық пен келісімді сақтау, мемлекет дамуының негізгі қағидаттарын айқындау. Сондықтан Ата Заңның әрбір бабы – елдік мүдденің, халықтың құндылықтардың көрінісі. Тәуелсіз Қазақстанның бүгінгі жетістіктері мен әлемдік аренадағы беделі де Конституцияда айқындалған демократиялық ұстанымдардың нәтижесі екені сөзсіз. Ата Заң – қоғамдағы келісім мен тұрақтылықтың кепілі, азаматтардың тең құқықтарының айғағы, мемлекеттік биліктің заңдылық негізі. Кездесу соңында қатысушыларға Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы табысталып, оның қағидаттарын кеңінен насихаттау, құқықтық мәдениетті арттыру және заңға құрметпен қарау мәселелері сөз болды. Ата Заң – халқымыздың асақ мұраты мен мемлекетіміздің жарқын болашағын айқындайтын құжат. Ол – тәуелсіздіктің тұмары, елдіктің, бірліктің берік тұғыры. Конституцияны құрметтеу – әрбір азаматтың перзенттік парызы. Өйткені заң үстемдік құрған жерде әділет салтанат құрады, ал әділет орнаған қоғамның болашағы әрдайым баянды болмақ.

Ләззат ӘЛІМ

Сұхбат



Талгат БЕКТҰРСЫНОВ, Жалағаш ауданының прокуроры: **ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯНЫҢ БАСТЫ ҚАҒИДАТЫ – АДАМ ҚҰҚЫҒЫ**

Шілде айы жақсы жаңалықпен басталды, яғни бұл айдың алғашқы күні Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы – елдің негізгі заңы күшіне енді. Ол адам құқықтары мен бостандықтарының кепілдіктерін, құқық үстемдігін және мемлекеттің азаматтар алдындағы жауапкершілігін нығайта отырып, еліміздің конституциялық дамуының жаңа кезеңіне жол ашақ. Жаңа Ата Заңымыздың басқа да маңызына қатысты Жалағаш ауданының прокуроры Талгат Бектұрсыновпен сұхбаттасып, бірқатар сауалдың түйінін тарқаттық...

– Талгат Елеубайұлы, Мемлекет басшысы бұған дейін жаңа Конституцияны еліміздің жаңа дәуірге алғашқы қадамы деген еді. Жалпы мұндай ауқымды өзгерістің маңызына қатысты өзің не айтасыз? – Біз заңға құрметпен қарау, қоғамдық тәртіпті нығайту стратегиясын қолдаймыз. Осыған дейінгі референдум нәтижесі де қоғамның саяси реформаларды қолдайтынын анық көрсетті. Азаматтардың 87 пайыздан астамы жаңа Конституцияны қолдап дауыс берді. Бұл қоғамның мемлекеттік жүйені жаңғыртуға дайын екенін білдіреді. Жаңа Конституцияның басты қағидаты – адам құқығы.

Бұл Конституцияның негізгі принципі «мемлекет адам үшін қызмет етеді» дегенге саяды. Мұны тек декларация деп қарамау керек. Шын мәнінде бұл – бүкіл құжаттың өзегі. Құқықтар мен бостандықтарды қорғау күшейтілді, заң үстемдігі нақты бекітілді, азаматтардың негізгі құқықтарына қатысты мемлекеттің жауапкершілігі айқындалды.

Жаңа Конституция қабылданды. Ендігі міндет – оны іс жүзінде жүзеге асыру. Жүзден астам заңға өзгеріс енгізілді. Мұны бір жағынан «халықтық құжат» деп атауға толық негіз бар. Енді Конституцияға өзгерістер тек бүкілхалықтық референдум арқылы енгізіледі. Бұл – саяси жүйенің тұрақтылығын қамтамасыз ететін маңызды кепіл. Мемлекеттік шешімдер ашық әрі институционалды түрде қабылданады. Ал жаңа мемлекеттік басқару жүйесі жаңа деңгейге көтерілді. Бір жағынан Парламент, мәслихаттар мен партиялардың рөлі күшейсе, келесі кезекте азаматтар референдум және «Халық кеңесі» сияқты құралдар арқылы шешім қабылдауға тікелей қатысуға мүмкіндік алып отыр.

Бұл құжат мемлекет дамуының жаңа кезеңін айқындап, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды негізгі басымдық ретінде бекітеді. Конституцияның 1-бабында адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары мемлекеттің ең қымбат қазынасы екені нақты көрсетілген. Бұл қағида мемлекеттің түпкі мақсаты адамды қорғау, оның құқықтарын мен бостандықтарын қамтамасыз ету және қоғамдағы өмір сапасын арттыру екенін білдіреді. Осы қағидаға сәйкес, мемлекеттік органдар қабылдайтын барлық шешімдер ең алдымен азаматтардың мүддесі мен игілігіне ескере отырып жүзеге асырылуы тиіс, яғни мемлекеттік басқару жүйесінің барлық бағыты адам факторы мен оның әлауқатына негізделіп отыр. Жаңа Конституция елдегі құқықтық мемлекет қағидаттарын нығайтып, азамат пен мемлекет арасындағы өзара жауапкершілікті күшейтуге бағытталған.

– Конституциялық реформаның негізгі бағыттарының бірі адам құқықтарын қорғауды одан әрі күшейтуге, сондай-ақ жеке бас бостандығы мен еділ сот төрелігінің кепілдіктерін нығайтуға бағытталған. Конституцияның 18-бабында әрбір адамға ұсталған кезде оның бостандығын шектеудің негіздері мен құқықтарын түсіндіру міндеті бекітілуі маңызды жаңа өзгерістердің бірі болды. Бұл ұсталған сәттен бастап адамға оның бостандығын шектеудің себептері, үндемеуге құқығы, қорғаушының көмегіне жүгіну және ұсталғаны туралы жақын тұстарына хабарлау құқығы түсіндірілуі тиіс дегенді

Халық мүддесі бәрінен маңызды



Менің басты мақсатым – Аққыр елді мекенінің әлеуметтік-экономикалық әлеуетін арттырып, әрбір тұрғын өзін жайлы, қауіпсіз әрі болашағына сенімді сезінетін орта қалыптастыруға үлес қосу. Бұл мақсатқа жету үшін – елдің мұң-мұқтажын тындай отырып, нақты мәселелерді кезең-кезеңімен шешу және мемлекеттік қолдау тетіктерін тиімді пайдалану.

Білім беру саласы – елдің ертеңін айқындайтын стратегиялық бағыт. Себебі сапалы білім алған ұрпақ заман талабына бейімделіп, туған жерінің өркендеуіне өз үлесін қоса алады. Сондықтан ауылдағы мектептің әлеуетін арттыру, олардың материалдық-техникалық базасын нығайту, оқу үдерісінің сапасын жақсарту және мұғалімдердің кәсіби ізденісіне қолдау көрсету – маңызды міндет.

Денсаулық сақтау саласын жетілдіру тұрғындардың өмір сапасын арттырады

Аққыр – ғасырлар бойы еңбек пен бірлікті ту өткен берекелі тіршіліктің мекені. Бұл ауылдың әрбір жетістігі – тұрғындардың маңдай тері мен табанды еңбегінің жемісі. Бүгінгі күннің басты міндеті – сол жетістіктерді сақтап қана қоймай, заман талабына сай жаңа мүмкіндіктерге жол ашу. Өйткені уақыт бір орында тұрмайды. Халықтың сұранысы өзгереді, өмір сапасына қойылатын талап артады. Мұндай кезеңде нақты мақсат пен жүйелі жоспар ғана нәтижеге жеткізеді.

негізгі басымдықтардың қатарында болуы тиіс. Әрбір адамның сапалы медициналық көмекке уақытылы қол жеткізілуі, аурудың алдын алу шараларының жүйелі жүргізілуі және алғашқы медициналық қызметтің қолжетімділігі – халықтың әл-ауқатына тікелей әсер ететін фактор. Әсіресе ана мен бала денсаулығын қорғау, егде жастағы азаматтарға көрсетілетін медициналық қызметтің сапасын арттыру, профилактикалық тексерулердің тұрақты ұйымдастырылуы және саулауатты өмір салтын насихаттау бағытындағы жұмыстарға ерекше көңіл бөлінуі қажет.

Рухани бай қоғам ғана өзінің ұлттық болымысын сақтай алады. Сондықтан мәдениет саласын дамыту – тек мерекелік іс-шаралар ұйымдастырумен шектелмейтін ауқымды міндет. Бұл – ұлттық құндылықтарды дәріптеу, тарихи жадымызды сақтау, жас ұрпақтың бойына отандықшылдық қасиеттерді қалыптастыру және ауылдың мәдени өмірін жаңа

деңгейге көтеру деген сөз. Осы мақсатта салт-дәстүрді, ана тілімізді, өнерімізді насихаттайтын мәдени жобалардың көбейіне қолдау көрсетілуі, талантты жастардың шығармашылығын дамытуға жағдай жасауға ықпал ететін. Себебі рухани құндылықтарды сақтаған қоғам ғана өзінің болашағын баянды ете алады.

Салауатты өмір салтын қалыптастыруда спорттың орны ерекше. Бұқаралық спортты дамыту арқылы тұрғындардың денсаулығын нығайтып қана қоймай, жастарды еңбекшілікке, тәртіпке және мақсат қол білуге тәрбиелеуге болады. Сондықтан ауылда спортпен тұрақты айналысуға қолайлы жағдай қалыптастыру, балалар мен жастарды спорттық үйірлелерге тарту және спорттық жарыстардың тұрақты ұйымдастырылуына қолдау көрсету маңызды.

Ел ішіндегі береке мен бірлік әрбір отбасының әл-ауқатынан басталады. Сондықтан халықтың әлеуметтік қорғалуын

күшкері көзі ғана емес, елді мекеннің әлеуметтік-экономикалық дамуының басты қозғаушы күші. Сондықтан мал шаруашылығы мен егіннің тиімділігін арттыру, мемлекеттік қолдау тетіктерін кеңінен пайдалану және заманауи агротехнологияларды енгізу мәселелері әрдайым назарда болуы тиіс.

Тұрғындардың пікіріне сүйеніп жұмыс істеу – халық сенімінің негізі. Ашықтық пен әділдік кез келген бастаманың басты қағидаты болуы тиіс. Сондықтан тұрғындармен тұрақты кездесулер өткізу, ұсынғыс-пікірлерін тыңдау, мәселелерді маңдай термен шешу, нақты шешу жолдарын қарастыру – басты ұстаным.

Елді мекеннің дамуы ең алдымен оның инфрақұрылымын жай-күйімен бағаланады. Электр қуатының тұрақты берілуі, сапалы ауызсу, аяқсу жүйесінің қолжетімділігі, көшелердің жай-күйі мен коммуналдық қызметтердің сапасы – тұрғындардың әл-ауқатын айқындайтын маңызды көрсеткіш. Сондықтан бұл бағыттағы өзекті мәселелерді кезең-кезеңімен шешу, мемлекеттік бағдарламалардың мүмкіндігін тиімді пайдалану және тұрғындардың өмір сүруіне қолайлы орта қалыптастыруға басымдық беремін.

Қызыл ЖУСУПОВА,

Аққыр ауылдық округі әкімінің

қызметкері.

Қаржысы облыс бюджетінің

қаражатынан төленді

Шалғай ауылдың шаруасы ширайды



Ең алдымен, әлеуметтік қолдау мәселесіне ерекше көңіл бөлінеді. Қоғамның дамуы оның өкіл топтары деген қамқорлығымен өлшенеді. Сондықтан көпбалалы және аз қамтылған отбасыларға, ардагерлер мен мүмкіндігі қорығушы азаматтарға жан-жақты қолдау көрсету басымдық беремін. Ардагерлер – елдің шежіресі, ұлттың қазынасы. Олардың өмірлік тәжірибесін кейінгі буына үлгі ету, белсенді өмір сүруіне жағдай жасау, мәдени және спорттық шараларға қатысуына қолдау көрсету бағытындағы жұмыстар жалғасады.

Бүгінде Аққыр ауылы жаңару мен жаңғырудың жаңа кезеңіне қадам басып келеді. Ауылдың әлеуметтік-экономикалық әлеуетін арттыру, тұрғындардың тұрмыс сапасын жақсарту, жастарға жаңа мүмкіндік ашу, қоғамдық келісім мен бірлікті нығайту – уақыт талабы. Басты мақсат – халықтың әл-ауқатын арттырып, өмір сүруге қолайлы, берекелі әрі дамыған ауыл қалыптастыру. Бұл жолда әрбір тұрғынның ұсыныс-пікірі ескеріліп, барлық жұмыс ел мүддесі үшін жүзеге асырылады.

Салт-дәстүрімізді, әдет-ғұрыптарымызды жаңғыртуға бағытталған іс-шаралар ұйымдастырылады.

Қайырымдылық пен жанашылық – халқымыздың бойындағы асыл қасиет. Сондықтан қоғамдағы мейірімділік пен ізгілікті арттыру мақсатында түрлі қайырымдылық шаралары мен әлеуметтік бастамаларға қолдау көрсетіледі. Халықтың әл-ауқатын арттырудың басты тетігі – тұрақты жұмыс пен кәсіпкерлікті дамыту. Осы бағытта ауыл тұрғындарын кәсіпкерлікке баулу, жаңа кәсіп көздерін ашуға жағдай жасау, шағын және орта бизнесті дамытуға жан-жақты қолдау көрсету жұмыстары жалғасады. Мемлекеттік бағдарламалардың мүмкіндіктерін тиімді пайдалану арқылы жаңа жұмыс орындарын ашу, тұрғындардың өз кәсібін бастауына бағыт-бағдар беру және кәсіпкерлік бастамаларды қолдау басты назарда бола-

ды. Сонымен қатар ауыл тұрғындарына күнделікті тұтылатын өнімдерді өз ауылымызда өндіруге жағдай жасау, жаңа өндіріс ошақтарының ашылуына ықпал ету, еңбеккер азаматтардың табысын арттыру бағытында жұмыс атқарылады.

Ауылдың өркендеуі оның инфрақұрылымының дамуымен де тығыз байланысты. Сондықтан тұрғындардың жайлы өмір сүруіне қолайлы жағдай жасау, инженерлік инфрақұрылымын сапасын жақсарту, көше жарықтарын көбейту және коммуналдық жүйелердің тұрақты жұмысын қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстар жалғасады.

жүргізу, қоғамдық орындарды абаттандыру, тұрғындардың қоршаған ортаға деген жауапкершілігін арттыру – алдағы кезеңдегі маңызды міндеттің бірі.

Жастар – елдің ертеңі, ауылдың болашағы. Білімді, белсенді әрі отансүйгіш жастарды бос уақытын тиімді ұйымдастыруға ерекше көңіл бөлінеді. Балалар ойын алаңдарын, спорттық және мәдени демалыс орындарын көбейту, заманауи футбол алаңдары мен саябақтар ашу мәселелері кезең-кезеңімен жүзеге асырылады.

Жастардың өз ауылында сапалы демалуына, спортпен айналысуына, шығармашылық қабілеттерін дамытуына жағдай жасау – болашақ салығын инвестиция. Мемлекеттік бағдарламалар аясында жастардың қайтарымыз гранттар мен төмен пайызды несиелер алуына қолдау көрсетіліп, өз кәсібін ашуға бағыт-бағдар беріледі. Жас кәсіпкерлердің бастамаларын қолдау, ауыл жастарының еңбекке деген ынтықсын арттыру, олардың туған жерде тұрақтап еңбек етуіне мүмкіндік жасау – басты міндет.

Қоғамдық келісім мен тұрақтылық – кез келген дамудың негізі. Бірлігі жарасқан ел ғана биік белестерді бағындыра алады. Сондықтан ауыл тұрғындарының ынтымағын нығайту, қоғамдық ұйымдардың белсенділігін арттыру және мәдени-көпшілік іс-шараларды тұрақты өткізу бағытындағы жұмыстар жалғасады. Халық денсаулығы – ең басты байлық. Сондықтан бұқаралық спортты дамыту,

Роза ЖОЛМАНОВА,

Аққыр ауылдық округі әкімінің

қызметкері.

Қаржысы облыс бюджетінің

қаражатынан төленді

Сұхбаттыңызға рахмет!

Сұхбаттасқан Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

АҚҚЫР – БОЛАШАҒЫ ЖАРҚЫН АУЫЛ



Қазақта «Ауыл – елдің алтын бесігі» деген тағымалды сөз бар. Ауылдың өркендеуі – елдің өркендеуі, ауылдың көркеюі – халықтың тұрмыс сапасының артуы.

Бүгінде Аққыр ауылы жаңару мен жаңғырудың жаңа кезеңіне қадам басып келеді. Ауылда кәсіпкерлік маңызын нысандар жаңарып, әлеуметтік салаларда өзгерістер жүзеге асуда. Дегенмен уақыт бір орында тұрмайды. Елдің талап-тілегі де, заманның сұранысы да күн сайын артып келеді. Сондықтан ауылдың дамуына жаңа деңгейге көтеру – баршамыздың ортақ мақсатымыз.

Мәдениет – ұлттың рухани өзегі. Рухани құндылықтар дәртілген жерде ұлттың енесі биік болады. Осы мақсатта ауыл тұрғындарының мәдени өмірін жаңыландыру үшін жаңа мәдениет ошағын салу мәселесі күн тәртібінде тұрады. Онер мен руханияттың ордасына айналатын жана клуб ауылдың қоғамдық өміріне серпін беріп, жастардың шығармашылық қабілетін шыңдауға мүмкіндік жасайды.

Аққыр ауылының негізгі тіршілігі – ауыл шаруашылығы. Сондықтан бұл саланы дамыту, егін мен мал шаруашылығының әлеуетін арттыру – маңызды міндеттің бірі. Әсіресе аяқсу мәселесін шешу ауыл шаруашылығының дамуына тың серпін береді. Су – тіршіліктің нәрі, берекенің бастауы. Сондықтан ауыл шаруашылығының өркендеуіне бағытталған жобаларды жүзеге асыруға күш-жігерімді жұмсаймын.

дәріптеу, жас ұрпақтың бойына отан-сүйіштілік қасиеттерді сіңіру, білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық базасын нығайту – алдағы кезеңдегі маңызды міндеттің бірі болмақ.

Таза ауыл – дені сау қоғамның кепілі. Сондықтан ауылдың тазалығы мен көркейту жұмыстары тұрақты түрде жалғасын табуы қажет. Қоғалдандыру, абаттандыру, қоршаған ортаға жауапкершілікті қарау, экологиялық мәдениетті қалыптастыру бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жүргізіледі. Туған жердің тазалығы – әрбір тұрғынның ортақ жауапкершілігі. Осы ретте «Таза Қазақстан» экологиялық акциясының ауылда өз деңгейінде жүзеге асыруына басымдық беру керек деп есептеймін. Алдағы уақытта бұл жұмыстарды жергілікті халықпен бірлесіп отырып жүзеге асырамын.

Халықтың сенімі – ең ұлы аманат. Сондықтан тұрғындармен ашық әрі әділ байланыс орнату, әрбір ұсыныс пен пікірге құлақ асу – басты ұстанымның бірі. Ауылдың келешегіне қатысты маңызды мәселелер елмен ақылдасып отырып шешіледі. Өйткені халықтың үніне құлақ асаң жерде бірлік те, береке де болады.

Біздің мақсатымыз – бірлігі жарасқан, тұрмысы тузу, болашағы баянды Аққыр ауылын қалыптастыру. Ұлттық пен татулық сәтін құрған, жастары жігерлі, үлкендері қадірлі, кәсіпкерлігі өркендеген, әлеуметтік жағдайы жағары ауыл құру – баршамыздың ортақ мұратымыз. Бұл ретте халықтың бірлігі маңызды рөл атқарады. Алдағы уақытта ауылдағы ағайынды ынтымаққа бастап, шалғай ауылдың шаруасын ширатуға күш саламын.

Туған жердің тағдырына бейжай қарамай, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығара білесек, алыбайтын асу жоқ. Болашақ бүгіннен басталады. Ал туған ауылдың жарқын келешегі – бәріміздің ортақ жауапкершілігіміз.

Бірге болайық, бірлігіміз еңбек етпейік, қасиетті Аққырдың келешегін бірге жарқын етпейік!

Жасұлан АЛЫБАЕВ
Аққыр ауылдық округі әкімі уәкілеткері.
Қаржысы облыс бюджетінің қаражатынан төленді

БІРЛІК ПЕН ЕҢБЕККЕ НЕГІЗДЕЛГЕН БОЛАШАҚ



Қазақ халқы қашанда ауылды ұлттың ұясы, елдіктің алтын дінгеі деп бағалаған. Өйткені ауыл – адамға алғаш тәрбие беретін қасиетті мекен, ата-баба аманаты мен ұлттық құндылықтардың алтын бесігі.

Бүгінде Аққыр ауылы жаңару мен жаңғырудың жаңа кезеңіне қадам басып келеді. Ауылда кәсіпкерлік маңызын нысандар жаңарып, әлеуметтік салаларда өзгерістер жүзеге асуда. Дегенмен уақыт бір орында тұрмайды. Елдің талап-тілегі де, заманның сұранысы да күн сайын артып келеді. Сондықтан ауылдың дамуына жаңа деңгейге көтеру – баршамыздың ортақ мақсатымыз.

Сондықтан су арналарының тиімді жұмысын қамтамасыз ету, каналдар мен арықтарды тазалау, гидротехникалық нысандарды қалпына келтіру, су ресурстарын тиімді пайдалану мәселелері тұрақты бақылауда болады.

Халықтың тазалығы имандылықтың белгісі деп таныған. Таза, көрікті ауыл – тұрғындардың ортақ міндеті. Алдағы уақытта санитарлық тазалықты сақтау, қошепелді абаттандыру, қоғамдық орындарды көркейту және қоғалдандыру жұмыстарын күшейту бағытындағы жұмыстар жалғасын табуы қажет. Ағаш отырғызу, демалыс орындарын көбейту, балалар және спорт алаңдарын салу, тұрғындарға жайлы орта қалыптастыру ісіне демеушілер мен кәсіпкерлерді тарту жұмыстары да жалғасын табады.

Халықтың әл-ауқатын арттырудың басты жолы – тұрақты жұмыс пен кәсіпкерлікті дамыту. Шағын және орта кәсіпкерлік – ауыл экономикасының тірегі. Сондықтан кәсіп ашамын деген азаматтарға қолдау көрсету, мемлекеттік бағдарламаларға қатысуға мүмкіндік жасау, гранттар мен жеңілдетілген несиелер алуға сүйемелдеу жұмыстарын жүргізу басты назарда болады. Жаңа жұмыс орындарын ашу, өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтардың санын арттыру, жастар арасында кәсіпкерлікті дамыту – алдағы кезеңдегі маңызды міндеттің бірі.

Еңбек еткен адам ғана елдің дамуына үлес қосады. Сондықтан кәсіпкерліктің өркендеуі – ауылдың өркендеуінің кепілі.

Білімді, тәрбиелі, отансүйгіш ұрпақ қалыптастыру – ортақ міндет. Сондықтан жастардың бастамаларын қолдау, олардың шығармашылық және спорттық әлеуетін дамыту, қоғамдық белсенділігін арттыру бағытындағы жұмыстар жалғасын табады. Жас мамандарды ауылға тарту, олардың тұрақты еңбегіне қолдайып жағдай жасау, бос уақытын тиімді ұйымдастыру мәселелері де басты назарда болады. Өйткені қуатты мемлекет пен гүлденген ауыл білімді әрі белсенді жастардың қолымен құрылады.

Қоғамның дамуы оның әлеуетіне тәуелді. Дегенмен дамуға қажетті ресурстарды қолдану, олардың тиімді пайдаланылуына қолдау көрсету, мүмкіндігі шектеулі азаматтардың өмір сүру сапасын жақсарту бағытындағы жұмыстар әрдайым жалғасын табады. Қоғамдық ұйымдармен бірлесіп жұмыс жүргізу, қоғамдық келісім мен тұрақтылықты сақтау, бірлік пен татулықты нығайту –



ауылдың тұрақты дамуының басты кепілі. Әрбір тұрғынның пікірі мен ұсынысын назардан тыс қалмайды. Тұрғындармен тұрақты кездесулер өткізу, маңызды мәселелерді халықпен бірлесіп талқылау, әлеуметтік желілер арқылы кері байланысты күшейту және мемлекеттік қызметтердің қолжетімділігін арттыру бағытындағы жұмыстар жүргізіледі. Ашықтық пен әділдік – ел басқаруының басты қағидасы болуы тиіс.

Біздің мақсатымыз – бірлігі бекем, берекесі мол, инфрақұрылымы дамыған, кәсіпкерлігі өркендеген, жастары жігерлі, үлкендері қадірлі ауыл қалыптастыру.

Туған жер тағдыры – бәрімізге ортақ. Ауылдың өрбір жетістігі – баршамыздың қуанышымыз, әрбір мәселесі – ортақ жауапкершілігіміз. Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып еңбек етсек, алыбайтын асу жоқ, бағынбайтын белес жоқ.

Болашақ бүгіннен басталады. Ал туған ауылдымыздың ертеңі – біздің бірлігімізге, ынтымағымызға және адал еңбегімізге байланысты. Келешегі бекем, келбеті көркем, берекесі мол ауылды бірге құрайық!

Галымжан ЕСЖАНОВ,
М.Шәменов ауылдық округі әкімі уәкілеткері.
Қаржысы облыс бюджетінің қаражатынан төленді

ЕЛ АМАНАТЫ – ЕҢ ҮЛКЕН ЖАУАПКЕРШІЛІК

Кез келген ауылдың тыныс-тіршілігі, өзіне тән мәселесі менің дәуіріме бағыты болады. Елді мекеннің өмір-өркендеуі тек инфрақұрылыммен ғана өлшенбейді. Оның артында тұрғындардың әл-ауқаты, бірлігі, еңбекке деген ынтыс және болашаққа деген сенімі тұрады. Осы тұрғыдан алғанда М.Шәменов ауылдың бүгінгі асуы жөндөу, жолдардың сапасын жақсарту, қошепелді жарықтандыру және инженерлік желілерді жаңғырту бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жалғасын табады. Халыққа қолайлы, тұрмысқа жайлы орта қалыптастыру басты



Шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту ауыл экономикасының негізгі қозғалышы күйіне айналуы тиіс. Сондықтан жаңа өндіріс орындарын ашуға, қызмет көрсету саласын дамытуға және ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу бағытындағы жобаларды жүзеге асыруға қолдау көрсетіледі. Бұл өз кезегінде жаңа жұмыс орындарының ашылуына және халықтың тұрмыс деңгейінің жақсаруына ықпал етеді.

Ауылдың көркі оның көшелерінен басталады. Сырттан келген адам ең алдымен елді мекеннің тазалығына, көшелерінің жағдайына, жарығына және жалпы келбетіне назар аударады. Осыған байланысты ішкі көшелерді кезең-кезеңімен жөндеу, электр желілерін тұрақты әрі сапалы жұмысқа қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстар жалғасын табады. Сонымен бірге жол қозғалысының қауіпсіздігін арттыруға қажетті шаралар қолға алынып, тұрғындардың жайлы әрі қауіпсіз өмір сүруіне жағдай жасауға басымдық беріледі.

Сонымен қатар ауылда жаңа балабақша салу мәселесі тиісті мемлекеттік органдармен бірлесіп жан-жақты нысқалталады. Өйткені мектепке дейінгі тәрбие – баланың өміріндегі ең маңызды кезеңінің бірі.

Балабақшадағы орын татаушылар азаматтарымыздың ашылуына және халықтың тұрмыс деңгейінің жақсаруына ықпал етеді.

Туған жердің тағдырына бейжай қарамай, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығара білесек, алыбайтын асу жоқ. Болашақ бүгіннен басталады. Ал туған ауылдың жарқын келешегі – бәріміздің ортақ жауапкершілігіміз.

Бірге болайық, бірлігіміз еңбек етпейік, қасиетті Аққырдың келешегін бірге жарқын етпейік!

Нұржан ЕСЕНӘЛІЕВ,
М.Шәменов ауылдық округі әкімі уәкілеткері.
Қаржысы облыс бюджетінің қаражатынан төленді

ӨЗГЕРІСТЕР ӨЗЕГІ – ХАЛЫҚТЫҢ ӘЛ-АУҚАТЫ

Елдің тұрақты дамуы мен халықтың әл-ауқаты ең алдымен өмірдің өркендеуімен тығыз байланысты. Тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсарту, қолайлы орта қалыптастыру, жаңа мүмкіндіктерге жол ашу және елді мекеннің әлеуетін тиімді пайдалану – маңызды міндет. Мемлекет тарапынан бұл бағытта ауқымды жұмыстар атқарылып келеді. Дегенмен әрбір өңірдің өзіндік ерекшелігі, шешімін жұмыс мәселелері мен тұрғындардың сұранысы бар. Сондықтан жергілікті жердің дамуы нақты жоспарға, халықтың пікіріне және жүйелі жұмысқа негізделуі қажет.



Мемлекеттік қызметте еңбек еткен жылдары жауапкершілік пен әділдіктің маңызын терең түсіндім. Халықпен жұмыс істеу әрбір өтіншіке мұқият қарауы, заң талаптарын сақтауы және кез келген мәселені жан-жақты зерттеуді талап етеді. Осы уақыт ішінде жинақталған тәжірибемді М.Шәменов ауылдық округінің игілігіне бағыттап, тұрғындардың әл-ауқатын арттыру жолында адал қызмет етуге дайынмын.

Мен үшін ең басты міндет – халықтың сенімін ақтау. Сенім нақты нәтижемен, ашық жұмыс жүргізумен және қабылданған шешімдердің әділдігімен қалыптасады. Сондықтан барлық жұмыс тұрғындардың пікірін ескере отырып ұйымдастырылып, көтерілген мәселелерді шешілуіне тұрақты назар аударылады.

Жұмыссыздықтың төмендеуі әрбір отбасының тұрмыс деңгейіне тікелей әсер етеді. Осыған байланысты жаңа жұмыс орындарының ашылуына жан-жақты қолдау көрсету – негізгі міндет. Мемлекеттік бағдарламалардың мүмкіндіктерін тиімді пайдалану арқылы кәсіпкерлікті дамытуға басымдық беріледі. Өз кезегін бастамасы келетін азаматтарға ақпараттық және ұйымдастырушылық қолдау көрсетіліп, мемлекеттік гранттар мен жеңілдетілген несиелер арқылы қолдау көрсетіледі. Мемлекеттік бағдарламаларының мүмкіндіктерін тиімді пайдалануға ықпал жасалады. Жастардың туған жерінде тұрақпана енуі ерекше назарда болады. Себебі еңбек етуге қолайлы жағдай қалыптасқан жерде ғана жастар болашағын өз өлкесімен байланыстырады. Сондықтан олардың кәсіп менгеруіне, жаңа мамандық игеруіне және жеке ісін дамытуына қолдау көрсету маңызды.

Ішкі көшелердің жағдайын жақсарту тұрғындардың қауіпсіз әрі жайлы жүрінуіне ықпал етеді. Осыған байланысты жолдарды жөндеу және күтіп ұстау жұмыстары жоспарлы түрде жүргізіліп, көтерілген мәселелер кезең-кезеңімен шешімін табады.

Елді мекеннің көркі оның тазалығы мен жинақылығынан көрінеді. Таза әрі көрікті орта тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсартып қана қоймай, өскелең ұрпақтың туған жерге деген жауапкершілігін қалыптастырады. Сондықтан санитарлық тазалықты сақтау, қоғалдандыру жұмыстарын жүйелі ұйымдастыру және қоғамдық орындарды күтіп-ұстауға ерекше көңіл бөлінеді. «Туған жерге тағзым» бастамасы аясында туған өлкені өсіріп-өркендетуіне үлес қосуға тиімді азаматтар мен кәсіпкерлердің қолдауын тиімді пайдалану көзделеді.

Балалардың қауіпсіз әрі жайлы ортада тәрбиеленуі арқанын басты назарда болады. Олардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру үшін ойын алаңдарын көбейту, демалыс орындарын ретке келтіру, сабақтар мен қоғамдық кеңістіктерді абаттандыруға кезең-кезеңімен көңіл бөлінеді.

Жастардың белсенділігі қоғамдық өмірдің барлық саласында көрініс табуы қажет. Сондықтан мәдени, қоғамдық және еріктілік бағытындағы бастамаларға қолдау көрсетіліп, олардың елдің дамуына қосатын үлесін арттыруға жағдай жасалады. Өз туған жерінің дамуына бейжай қарамайтын белсенді жастардың қатысуына қолдау беріледі және қолдау беріледі.

Халқымыздың сап-дәстүрі мен рухани

мұрасы – ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан асыл қазына. Осы құндылықтарды дәріптеуге бағытталған мәдени көпшілік іс-шаралардың мазмұнын байыттып, тұрғындардың қоғамдық өмірге белсенді араласуына жағдай жасау көзделеді. Ардагерлердің өмірлік тәжірибесін кейінгі ұрпаққа үлгі ету, отбасылық құндылықтарды насихаттау және жастардың туған жерге деген сүйіспеншілігін арттыру бағытындағы жұмыстарға ерекше көңіл бөлінеді.

Жайлы қоғам қалыптастыру да – басты міндеттің бірі. Салауатты өмір салтын ұстануға жағдай жасау арқылы тұрғындардың денсаулығын нығайтуға мүмкіндік туады. Осыған байланысты бұқаралық спортты дамытуға, спорттық нысандарды тиімді пайдалануға және түрлі жас санаттарында азаматтардың тұрақты түрде спортпен айналысуына жағдай жасауға ерекше көңіл бөлінеді.

Әлеуметтік қолдау да назардан тыс қалмайды. Ардагерлердің, қобаланып отырғандардың ерекше қажеттілігі бар азаматтардың және әлеуметтік жағынан осал топтардың мәселелеріне ерекше мән беріліп, қолданымсыз мемлекеттік қолдау шараларының қолжетімді болуына ықпал жасалады.

Алдымызда тұрған міндеттер ауқымды болғанымен, оларды кезең-кезеңімен және жүйелі түрде жүзеге асыруға толық мүмкіндік бар деп есептеймін. Ең бастысы, әрбір бастаманың нақты нәтижесі болып, оның игілігін тұрғындар құндылықтары өмірінде сезінуі қажет.

Біздің мақсатымыз тек бүгінгі мәселелерді шешумен шектелмейді. Келешек ұрпаққа өмір сүруге қолайлы, инфрақұрылымы дамыған, таза әрі көрікті, мүмкіндік мол елді мекен қалыптастыру – бәрімізге ортақ міндет. Бұл мақсатқа жету үшін жергілікті тұрғындардың белсенділігі, өзара түсіністігі және ортақ жауапкершілігі аса маңызды. Бірлігіміз бекем, мақсатымыз айқын болса, алға қойған жоспарларды бірлесіп жүзеге асыра аламыз. Осы жолда тұрғындардың қолдауына сүйеніп отырып, еліміз үшін адал еңбек етуге әзірміз.

Арман ІЗБАСАРҰЛЫ,
М.Шәменов ауылдық округі әкімі уәкілеткері.
Қаржысы облыс бюджетінің қаражатынан төленді

Біле жүріңіз!

ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫ: БҮГІНГІ ШЕШІМ – ЕРТЕҢГІ ТҰРАҚТЫЛЫҚ

Зейнетақы жинақтары – әр азаматтың болашағына жасалған ең маңызды қаржылық қор. Оның басты мақсаты – адам зейнетке шыққаннан кейін тұрақты табыспен қамтамасыз етілуі. Сондықтан мемлекет үшін негізгі міндеттің бірі – қартайған шақта азаматтарға қаржылық тұрақтылық пен лайықты төлемдерге кепілдік беру.

Бұл мәселе әсіресе жас қазақстандықтар үшін өзекті. Себебі олардың болашақ зейнеттасы екі негізгі бөліктен құралады: мемлекеттік базалық зейнетақы және міндетті зейнетақы жарналары есебінен қалыптасатын жинақтаушы жүйе. Демек бүгінгі табыс пен аударымдар – ертеңгі әл-ауқаттың негізі.

Кейінгі жылдары зейнетақы жинақтарының бір бөлігін мерзімінен бұрын пайдалану мүмкіндігі қоғамда үлкен қызығушылық тудырды. Қолданыстағы ең төменгі жеткіліктілік шегі осы бағытта маңызды рөл атқарады. Бұл шек – азаматтың болашақта ең төменгі зейнетақы деңгейін қамтамасыз ету үшін шотында қалуы тиіс ең аз сома. Ал одан асытын қаражатты белгілі бір мақсаттарға пайдалануға рұқсат етіледі.

Алайда бұл тәсілдің өз кемшіліктері де жоқ емес. Қазіргі есептеу әдістемесі азаматтың зейнет жасна дейін тұрақты жұмыс істеп, үздіксіз жарна аударып отыратынын негізге алады. Шын мәнінде, өмірде бәрі бірдей жоспар бойынша бола бермейді. Жұмыссыздық, табыстың төмендеуі немесе денсаулық жағдайы секілді факторлар кез келген адамның қаржылық мүмкіндігіне әсер етуі мүмкін.

Осыған байланысты ең төменгі жеткіліктілік шегін есептеу әдістемесін қайта қарау туралы шешім қабылданды. Жаңа тәсілдің басты мақсаты – азаматтар бүгін жинақтарының бір бөлігін пайдаланған жағдайда да, болашақта лайықты зейнетақы алуына жеткілікті қаражаттың сақталуын қамтамасыз ету.

Мәселен, 46 жастағы салымының жинағы 11 млн теңге делік. Қолданыстағы шек 7,8 млн теңге болса, ол 3,2 млн теңгені қазір пайдалана алады. Бірақ мұндай шешім оның болашақ зейнетақы төлеміне тікелей әсер етпейді. Нәтижесінде әлі сайынғы төлем шамамен 42 мың теңгені ғана құрауы мүмкін. Ал егер бұл қаражатты қозғайтын сақтаса, болашақтағы зейнеттасы бірнеше есе жоғары болады.

Сарапшылардың айтуынша, соңғы үш жылда ең төменгі жеткіліктілік шегін қайта қаралауы да жаңа өзгерістердің енгізілуіне себеп болды. Экономикалық жағдай, инфляция, өмір сүру ұзақтығы, мұның бәрі – есептеулерге тікелей әсер ететін фактор.

Бекболат ШӨРШЕКОВ,
Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитетінің облыс бойынша департаментінің басшысы



